

Баянды ауылының әкімшілік-аумақтық құрылысына қарасты құрамдас бөліктеріне атаулар беру туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігі Баянды селосы әкімінің 2008 жылғы 13 маусымдағы № 24 шешімі. Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 30 маусымда № 11-7-7 болып тіркелді

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігі Баянды селосы әкімінің 27.01.2017 № 27 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, сонымен қатар Баянды ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, Баянды ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігі Баянды селосы әкімінің 27.01.2017 № 27 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Баянды-1 тұрғын үй массивінің шығыс жағында орналасқан жалпы ауданы 74 га жер телімінде орналасқан Баянды-2 тұрғын үйлер алабы Баянды-2 тұрғын үйлер массиві деп аталсын.

2. Осы шешім Мұнайлы аудандық әділет басқармасында тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

Қ. Боранбаев